



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2022 жылғы 28 сәуір

№5158-22-00-2/78 іс

Ленгiр қаласы

Түркістан облысының Төлеби аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.С. Жусупжанованың,
сот отырысының хатшысы С.Е.Кожакөвтың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Копбосынова Гульнар Ибадуллақызы

ЖАУАПКЕР:

Копбосынов Салимжан Кадырулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

талап қоюшы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы мен жауапкердің некелері 2011 жылы 16 мамырда тіркелген.

Ортақ некеден 2001 жылы 22 желтоқсанда туылған Қадыр Жұлдыз Салимжанқызы, 2003 жылы 06 шілдеде туылған Қадыр Ұлжан Салимжанқызы, 2013 жылы 04 желтоқсанда туылған Қадыр Алина Салимжанқызы есімді қыздары бар, анасы Г.И.Копбосынованың, тәрбиесінде өмір сүруде.

Қазіргі таңда некелік қатынастары 2022 жылы ақпан айынан бастап тоқтатылған.

Жауапкермен мінездері жараспағандықтан отбасын сақтап қалу мүмкін еместігін, араларында мүлік және балалары жөнінде даулары жоқтығын. Соттан екеуінің арасындағы некені бұзуды сұрады.

Жауапкер талап арызға пікір ұсынды.

Талап қоюшы талап қою арызын қолдап, туласуға уақыт берудің қажеті жоқ екенін, балалар оның тәрбиесінде қалатынын, алименттен бас тартатынын, мүлік дауы жоқ екенін көрсетіп некені бұзуды сұраған.

Жауапкер өз пікірінде талап арызбен танысқанын, оны мойындайтынын, және балалары анасының тәрбиесінде қалатынын,

2

12/19

татуласуға уақыт берудің қажеті жоқ екенін көрсетіп, мүлік дауы жоқ екенін, істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Мұндай жағдайда, сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сай істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 19-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес, егер сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін еместігін анықтаса, неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

Кодекстің 20-бабына сай, ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған кезде сот ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты ай шегінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Егер ерлі-зайыптыларды татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болса және ерлі-зайыптылар (олардың біреуі) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды талап етсе, неке (ерлі-зайыптылық) бұзылады.

Кодекстің 73-бабының 1-тармағына сай, баласынан бөлек тұратын ата-ананың баласымен қарым-қатынас жасауға, оны тәрбиелеуге және баласының білім алуы мәселерін шешуге қатысуға құқығы бар.


Бала бірге тұратын ата-ана, егер мұндай қарым-қатынас жасау баланың дене және психикалық денсаулығына, оның адамгершілік дамуына зиян келтірмесе, баланың екінші ата-анасымен қарым-қатынас жасауына кедергі болмауы тиіс.

Бүгінгі таңда тараптар татуласпады. Тараптарды татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болды, талап қоюшы некені бұзуды талап етуде.

Мұндай жағдайда, сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін емес деп санап, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды дұрыс деп табады.

Кәмелетке толмаған қыздары талап қоюшының тәрбиесінде қалдырылады. Егер де тараптар арасында балалардың тұрғылықты жерін айқындау туралы даулар туындаған жағдайда, тараптар өздерінің тұрғылықты жері бойынша кәмелетке толмағандардың істері бойынша мамандандырылған ауданаралық сотқа жүгінуге құқылы екені түсіндіріледі.

Тараптар кәмелетке толмаған балаларын асырауға алимент төлеу туралы өз арада келісімге келген.



Сотта зерттелген дәлелдемелерге сай, ерлі-зайыптылардың некелері тіркелген. Тараптардың осы некеден араларында кәмелетке толмаған қыздары бар, ол талап қоюшының тәрбиесінде, тараптар ортақ шаруашылық жүргізбейді, тараптардың отбасылық өмірлері жараспай, некелік қатынастары 2022 жылғы ақпан айынан бастап тоқтаған, олар бөлек тұрады, мүлік бөлісу жөнінде даулары жоқ, талап қоюшының некені сақтап қалуға ниеті жоқ, татуластыру шаралары нәтижесіз болды.

Тараптар арасында мүлік дауы жоқ, егер ортақ мүлік бөлу туралы дау туындаса неке бұзылған кезден бастап ортақ мүлкін бөлу туралы талап-арыздарға ескірудің үш жылдық мерзімі қолданылатыны түсіндіріледі.

АПК-нің 109-бабына сай, жауапкерден талап қоюшының пайдасына төленген мемлекеттік баж өндірілуге жатады

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Копбосынова Гульнар Ибадуллақызының талабы қанағаттандырылсын.

Копбосынов Салимжан Кадырулы мен Копбосынова Гульнар Ибадуллақызының араларында 2011 жылғы 16 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық АХАТ бөлімінде №434 сапымен тіркелген неке бұзылсын.

Шешім заңды күшіне енген күннен бастап неке бұзылған болып есептелсін.

Кәмелетке толмаған балалары талап қоюшы Копбосынова Гульнар Ибадуллақызының тәрбиесінде қалдырылсын.

Сотпен, баладан бөлек тұратын ата-ана баланы тәрбиелеуге қатысуға міндетті және онымен араласуға құқықты екенін, ал екінші ата-анасы бұған кедергі жасауға құқығы жоқ екені түсіндірілсін.

Заңды неке бұзылғаннан кейін талап қоюшы Копбосынова Гульнар Ибадуллақызы жеке басын куәландыратын құжаттағы тегін «Айкузова» деп ауыстыруға құқылы.